ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
«Dostyk School Shymkent»

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ

ТОО
«Dostyk School Shymkent»

город Шымкент, мкр. Северо-Запад,
уч. 1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2026 жылғы 01 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 441
город Шымкент

«АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 11 желтоқсандағы №281 бұйрығының 2-қосымшасын іске асыру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2026–2027 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық іс-шара жоспары жасалып, бекітілсін. Жауапты директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.С. Жумаханова жүктелсін.

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы іс-шаралар өз деңгейінде өткізілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.С. Жумахановаға жүктеймін.

Мектеп директор: **А.Б. Сексенов**

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
Dostyk School Shymkent
БСН/БИН 210840010623
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
РЕСПУБЛИКА ҚАЗАҚСТАН ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Бұйрықпен таныстым:

Жумаханова Г.С.

«Бекітемін»
Мектеп директоры
_____А.Б.Сексенов

ЖШС «Dostyk School Shymkent» мектебі
Тәрбие жұмысының қыркүйек айына арналған іс-шара жоспары
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
1 қыркүйек – «Білім күні».
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні.
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні.
Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні.
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні.

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауапты орындаушылар
1-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «ОҚУСЫЗ – БІЛІМ ЖОҚ, БІЛІМСІЗ – КҮНІҢ ЖОҚ»			
1	**1 қыркүйек -Білім күні.** **«Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі»** Салтанаттыіс-шара ұйымдастыру	1.09.2026	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова,ұйымдас тырушы педагог: М.Ж.Кенжебай, сынып жетекшілер
2	**«Тілім менің ғасырларға аманат»** *(А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)* Қазақстан халқы тілдері күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастыру	4.09.2026	ДТЖЖО: Г.С.Жумаханова, ұйымдастырушы педагог: М.Ж.Кенжебай, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері: Нұрсейіт А., Жолтай А.
3	**«Заң және тәртіп» қағидасы шеңберінде** Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрмеуін, түнгі клубтарда және басқа да ойын-сауық орындарында есірткінің және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымының алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу *Құқықбұзушылықтың алдын-алу, профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру*	1-4.09.2026 (жыл бойы)	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова,сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД және т. б.)
4	Діни экстермизм және терроризм идеяларына қызығушылық танытатын кәмелетке толмағандарды анықтау,жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастыру *Тізімін алу, анықтама* *Арнайы жоспар*	1-3.09.2026 (жыл бойы)	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова, Дін істер басқармасы
5	**«Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі» өңірлік жоспар шеңберінде:** Білім беру ұйымдарында құқыққа қарсыіс-әрекеттерге бейім білім алушыларды анықтау, оның ішінде өмірдегі жағдайға теріс әсер ететін көшбасшыларды ерекше назарға алып, оларды	1-4.09.2026 (жыл бойы)	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова,сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп

	«Тәуекел» тобына есепке қою, бақылауға алу үшін ақпаратпен алмасу, жүйелі түрде салыстыру актісін жасау. *Тізімін алу, салыстыру актісін жасау.*		
6	Кәмелетке толмағандармен оларға қатысты жасалған қылмыстардың алдын-алу мақсатында жасөспірімдерді, оның ішінде құқықбұзушылыққа бейім және девиантты мінез-құлқы бар балаларды кеңінен қамтитын қосымша білім беру және мәдени спорттық іс-шаралар кешенін календарлық жоспарлар бойынша ұйымдастыру және өткізу *Қосымша білім беру және мәдени спорттық іс-шараларға тарту, тізімін алу.*	1-4.09.2026	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова,үйірме жетекшілері, сынып жетекшілер
7	**«ДосболLIKE»** – балаларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу.**«Қиын жағдайда досыңа қалай көмектесең?»** *Топтық жұмыс*	3.09.2026	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова, мектеп психологы, әлеуметтік педагог: Г.Ә.Әбдуқадыр
8	**«Балалар кітапханасы»** жобасы аясында **«Конституциясының тарихы»** атты кітапханалардың виртуалды көрмесі *Акция өткізу, анықтама* *Көрме ұйымдастыру*	4.09.2026	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова, кітапханашы: С.Б.Абдибекова
9	**«Еңбек адамы» құндылығы бағытында** Кәмелетке толмағандардың еңбегін заңсыз пайдалануға жол бермеуге бағытталған рейдік іс-шаралар ұйымдастыру Рейдтік іс-шаралар	4.09.2026	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова Әлеуметтік педагог: Г.Ә.Әбдуқадыр Мектеп инспекторы Сынып жетекшілер
2-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: ЖАНҰЯМ – ҚОРҒАНЫМ, АТА-АНАМ – ТІРЕГІМ!			
10	**«Заң және тәртіп» қағидасы** Жергілікті жол полиция департаменті өкілдерімен бірлескен **«Абайлаңыз балалар!»** апталығы *Апта бойы* *іс-шаралар өткізу, анықтама* */арнайы жоспар бойынша/*	7-11.09.2026	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова, ұйымдастырушы педагог: М.Ж.Кенжебай, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.)
11	**«Бала тәрбиесі – ортақ міндет: заң, тәртіп, құндылық және жауапкершілік»** атты жалпы және сыныпаралық ата-аналар жиналысы *Ата-аналар жиналысын өткізу, уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру*	11.09.2026	Мектеп әкімшілігі, ДТІЖО: Г.С.Жумаханова
12	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы **«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»** /Челлендж/ Отбасы күніне арналған челлендж ұйымдастыру	11.09.2026	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова,сынып жетекшісі, ұйымдастырушы педагог: М.Ж.Кенжебай,ата-аналар
13	Өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларын ондағы тәрбиеленіп жатқан балаларға әлеуметтік-құқықтық, медициналық көмек көрсетуді анықтау және ұйымдастыру мақсатында құрылған мобильдік топтардың 2026 жылға арналған жұмыс	7-11.09.2026	ДТІЖО, педагог - психолог, әлеуметтік педагог

	кестесін (тоқсандық) құру, жұмысты жандандыру. *Тізімін алу, кесте құру, анықтама*		
14	Конституция құндылықтары бағытында **«Менің өмірімдегі Конституция»** челленджі *Челлендж*	10.09.2026	ДТІЖО,сынып жетекшісі, ұйымдастырушы педагог
3-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «ЕҢБЕККОРЛЫҚ – ЕҢ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТІ» (АБАЙ)			
15	**«Заң және тәртіп» қағидасы** Репродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері, сондай-ақ *(ертежүктілік, маскүнемдік, нашақорлық, лудомания, құмар ойындар және т.б.)* балалардың арасында қорқыту мен кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша уәкілетті органдармен бірлесіп түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастыру *Құқықбұзушылықтың алдын-алу кездесу ұйымдастыру. Тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді талқылау, анықтама*	15.09.2026	ДТІЖО,сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) және мектеп медбикесі
16	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында **«Мамандықтар әлем»** Оқушыларға кәсіби бағдар беру, мектептің әлеуметтік желілеріне жариялау	16.09.2026	ДТІЖО,сынып жетекшісі,кәсіби бағдар беруші педагог
17	Мектеп парламентін сайлау *Жалпылама анықтамасы*	17.09.2026	ДТІЖО: Г.С.Жумаханова,сынып жетекшісі, оқушылар
18	Конституция құндылықтары бағытында **«Ата Заң – Тәуелсіздік тірегі»** (10 сыныптар) *Эссе жазуды ұйымдастыру*	18.09.2026	ДТІЖО,сынып жетекшілері, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
4-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «КҮШІҢЕ СЕНБЕ, АДАЛ ІСІҢЕ СЕН!»			
19	**«Еңбегі адал жас өрен»** жобасы аясында 30 қыркүйек – Әділет органдарының күніне орай **«Адалдық – атадан қалған мұра»** ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу *Адалдық сағатын өткізу, Дебат ұйымдастыру, анықтама*	30.09.2026	ДТІЖО, ішкі саясат басқармасы, тәлімгер, «Адал ұрпақ» клубы мүшелері
20	Білім алушылардың төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік сауаттылығын арттыру *Оқу-жаттығулар өткізу, нұсқаулықтар тарату, анықтама*	25.09.2026	ДТІЖО, АӘД жетекшісі, сынып жетекшісілері

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.С.Жумаханова

Бекітемін
Мектеп директоры
Сексенов А.Б.

Өтілетін күні: 01.09.2026 жыл
Өтілетін уақыты: 09.00
Жүргізуші: Назым Телқозықызы, Абай Балғазыұлы

Ашылуына Қазақша би

І Жүргізуші: ***(Фанфар)*** Армысыздар құрметті қонақтар , ұлағатты ұстаздар, ардақты ата-аналар және аяулы оқушылар!
ІІ жүргізуші: Арайлы жаздың үш айын мазмұнды да, мәнді өткізіп, сағынышпен алтын ұя мектебімізге оралып отырған оқушыларды шаттыққа толы 1 Қыркүйек «Білім күнімен»шын жүректен**құттықтаймыз!**
І Жүргізуші: Біздің арамызда облысымыздың түрлі-түрлі мектептерінен жиналып алынған шәкірттер жүректері діріл қағып бір жағынан қобалжып, бір жағынан қуанып келіп отыр. Олар өмірлеріндегі маңызды бір кезеңге аяқ басқалы отыр.Бүгінгі мереке, таланттылар мен дарындылар мекеніне қадам басайын деп тұрған,
10-сынып пен 11-сынып оқушыларына арналады. Мектебіміздің жаңа талапты оқушыларының алғашқы қадамдарымен құттықтаймыз

ІІ жүргізуші: 11«А» сынып **Математика Физика** бағытында, сынып жетекшісі:Бекназаров Мәди Қанатқанұлыматематика пәні мұғалімі
І Жүргізуші: 11"Ә" сынып**Дүние жүзі тарих- Ағылшын**бағыты сынып жетекшісі:Шектібаева Ажар Нұралықызыағылшын пәні мұғалімі
ІІ жүргізуші: 11"Б"сынып **Биология Химия** бағыты сынып жетекшісі: Нұрбек Бекарыс Нұрбекұлы биология пәні мұғалімі
І Жүргізуші: 11"В" сынып**Математика Информатика**бағытындағы сынып жетекшісі:Түгел Шерхан Ерланұлы Тарих пәні мұғалімі
ІІ жүргізуші: 11 "Г" сынып**Математика География** бағытында, сынып жетекшісі:Якупов Абай Балғазыұлытарих пәні мұғалімі.
І жүргізуші: 11 "Ж" сынып**Биология Химия** бағытында, сынып жетекшісі: Нұрбек Бекарыс Нұрбекұлы биология пәні мұғалімі
ІІ Жүргізуші: 11 "И" сынып **Математика Физика**бағытында сынып жетекшісі: Рахметов Думан Батырұлы математика пәні мұғалімі
І жүргізуші: 10 "А" сынып**Математика Физика**бағыты сынып жетекшісі: Төреахмет Арайлым Кенжебайқызы математика пәні мұғалімі
ІІ Жүргізуші: 10 "Ә" сынып**Дүние жүзі тарих- Ағылшын**бағытында сынып жетекшісі: Құрбанходжа Арайлым Мұхтарқызы ағылшын пәні мұғалімі
І жүргізуші: 10 "Б" сынып **Биология Химия** бағыты сынып жетекшісі: Колбай Арайлым Абдурахимқызы химия пәні мұғалімі

II Жүргізуші: 10 "В" сынып **Математика Информатика** бағытындағы сынып жетекшісі:Рахметов Думан Батырұлы математика пәні мұғалімі

I жүргізуші: 10 "Г" сынып **Математика География** бағытында, сынып жетекшісі:Төреахмет Арайлым Кенжебайқызы математика пәні мұғалімі

II жүргізуші: Қошеметтеріңізді аямаңыздар!!!

ҚР мемлекеттік туы салтанатты жиынға әкелінсін!

I жүргізуші:Батырлыққа уызынан жарыған,

Ер қазақты жалауынан таныған.

Өзі батыр, өзі әнші халыққа,

Жарасады жігер берер әнұран.

Мектеп сапқа түзел!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік **Әнұраны** орындалсын.

II жүргізуші: Жаңашыл сөзбен әр кез ойын бастар,

Үлгі алып келген,кейінгі жастар.

Мектептің туын алға ұстаған

Біздің басшымыз ақ тілекпен сөзін бастар - деп, алғашқы құттықтау сөзі мектебіміздің директоры ***Телемисов Ербол Жумабаевичке***беріледі.

I жүргізуші:Иә, білім саласында 24 жыл бойы тәрбие мен білімді қатар алған «Dostyq School» мектебі ҰБТ-ға жан-жақты дайындап, еліміздіңің ең үздік дайындық мекеніне айналды.«Dostyq School» мектебі – бұл Қазақстанда ашылған Достық білім беру орталығының жаңа қадамы. Алғашқыда 2002 жылы ашылған Достық білім беру орталығы, кейін 2003: жылы Шымкентте өз қызметін бастады. 2021 жылдан бастап бұл білім ордасы жаңа кезеңге аяқ басып, мектеп ретінде ашылды. Бүгінде Достық мектептері Қазақстанның 9 қаласында орналасқан, олардың жалпы саны 11. Атырауда (2 мектеп), Ақтау, Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды, Алматы, Арыс, Шымкент, Түркістан және Талдықорған қалаларында табысты жұмыс істеп жатыр.

II жүргізуші: Бар мектептің басталар бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырып ұғымдыны.

Жаңа оқу жылы басталды, ұстаз, шәкірт,

Құтты болсын бүгінгі Білім күні!

I жүргізуші: Күмбірлей күй естілсе домбырадан

Көңілге шаттық сезім қондырар ән.

Шымырлай шыққан кезде шырқау көкке

Елітіп тұла бойың балбыраған,- ортада өзінің күмбірлеген**КҮЙІМЕН .....**

Жарылқасын Ерасылды қарсы аламыз.

І жүргізуші: 2026-2027 жылғы оқу жылының алғашқы қоңырауды соғу құрметі мектебіміздің алтын белгі иегерлері ..... беріледі.

Аялар бейбіт күн нұры,
Мектебім, бізге жөргексің.
Алғашқы қоңырау сыңғыры
Ән болып сені тербетсін.
Сыңғырла қоңырау, сыңғыр қақ,
Жаңа оқу жылын ашқансың
Бал үнің сенің сырлы ырғақ
Сыныпқа бізді бастасын
Қоңырау үні шарықта,
Өзіңнің сиқыр тіліңде
Қызмет көрсет халыққа
Шақырып өнер – білімге

ІІ жүргізуші:Барлығымыз білетіндей мектебімізде 10-сыныптарымыз биыл 11-сыныпқа қадам басты. Сол оқушылар арасында мектепті үздік бітірген, жоғары нәтиже көрсеткен оқушыларды марапаттау салтанаты директордыңоқу-ісіжөніндегі орынбасары***Токбурина Сериккайша Бигалиевнаға беріледі***

ІІ жүргізуші:Сезім тербеп, көңілдерге нұр құяр,
Әсем әнмен жүректер де жыр тұнар.
Ендеше, қадірлі қауым, қол соғып,
Әнге кезек берейік мархаббатты.

Ортаға 10 «а»сынып оқушылары Иманқожа Әмина мен Ахметжанова Арунаны «Ұстазым» әнімен шақырамыз.

І жүргізуші: «Жақсы шәкірт азамат атанады,
Халқынан, ата - анадан бата алады.
Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,
Ортаға шақырайық ата - ананы. **«Ата - ана баланың бас ұстазы»** дегендей ата - ана мен мұғалім қатар тұрғанда бала өзіне деген қамқорлықты толық сезінеді. Сөз кезегі құрметті де қадірлі ата – аналарымызға беріледі.....

Алдарыңызда «Еркемай» би тобының орындауында би!

ІІ жүргізуші: Жаңа оқу жылы жемісті,
Мерейі үстем жыл болсын.
Шәкірттеріміз өрісті,
Елімдер қыз бен ұл болсын.
Жаңа оқу жылы сәтті өтсін.

І жүргізуші: Жас дарын, сендерге артар міндет көп,
Көтеріңдер мектептің атын құрметтеп.

Білімнің көзін аша білсең тереңнен,
Жетелейді армандарға бұл мектеп, - деп бүгінгі **"Мектебім – мейірім мекені"** атты білім күніне арналған мерекелік іс-шарамызды аяқтауға рұқсат етіңіздер.

2 жүргізуші бірге /Білім күні құтты болсын!
Білім жолындағы қадамдарыңыз сәтті болсын!

«Еркемай» тобының орындауында ән!

ЖШС «Dostyk school Shymkent» мектебі

«Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» тақырыбында Білім күніне арналған салтанатты іс-шараның өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

Өткізілген күні: 01.09.2026 ж.

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушылары, педагогтер, ата-аналар

Жауаптылар: ДТІЖО: Г.С. Жумаханова, педагог-ұйымдастырушы: М.Ж. Кенжебай, сынып жетекшілері.

2026 жылғы 1 қыркүйекте «Dostyk School Shymkent» мектебінде 2026–2027 оқу жылының басталуына орай «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» алғашқы қоңырау салтанатты іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара мектеп директорының 2026 жылғы 31 тамыздағы №430 «2026–2027 оқу жылын бастау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы» бұйрығын орындау аясында ұйымдастырылды. Аталған бұйрыққа сәйкес 1 қыркүйек күні білім алушыларға арналған салтанатты іс-шара өткізіліп, 10–11 сыныптарда «Қазақстан Республикасының Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Салтанатты жиын барысында жаңа оқу жылының басталуына байланысты мектеп әкімшілігі оқушылар мен педагогтерді құттықтап, білім алушыларға жаңа оқу жылында сәттілік тіледі. Іс-шара бекітілген сценарийге сәйкес жүргізіліп, мерекелік бағдарлама ұсынылды. Оқушылардың орындауында әндер мен көркемдік нөмірлер көрсетіліп, жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылды.

Сонымен қатар бұйрық талаптарына сәйкес салтанатты іс-шара барысында мектептегі тәртіп пен қауіпсіздік шаралары сақталып, кезекшілік ұйымдастырылды. Білім алушылар мен ата-аналарға мектеп формасына қойылатын талаптар, білім беру ұйымындағы ішкі тәртіп және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қағидаттары жөнінде тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараға сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/DcwG_HyuL-C/?stkn=aHlzZXcwZXpxNmMw


Анықтаманы дайындаған:


Педагог-ұйымдастырушы М.Ж. Кенжебай

Фотоматериалдар:









ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

ЖШС
"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент

ТОО
"Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail: dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2026 жылғы 01 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 445
город Шымкент

Тілдер мерекесін
өткізу туралы

Шымкент қаласы әдістемелік орталығының 01.09.2026 жылғы №1831 хаты негізінде, Шымкент каласы әдістемелік орталығының жылдық жұмыс жоспары негізінде, мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды насихаттау, тіл - татулықтың, достықтың тетігі, тәрбиенің көзі, халықты біріктірудің маңызды факторы екенін өскелең ұрпаққа ұғындыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН.**

1. Гуманитарлық пәндерінен (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі) 2026 жылдың қыркүйектің 02-11 күндері аралығында Dostyk school Shymkent мектебінде «Тіл жене технология: тілдің жаңа тынысы» тақырыбында онкүндік ұйымдастырылып, өткізілсін.
2. «Тіл және технология: тілдің жаңа тынысы» тақырыбында онкүндік жоспарын бекіту директордың тербие ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Жумахановаға жүктелсін;
3. «Тіл және технология: тілдің жана тынысы» тақырыбында онкүндік жоспарын жасап бекіту гуманитарлық бірлестік жетектісі А.С.Абдибековаға жүктелсін.
4. «Тіл және технология: тілдің жаңа тынысы» тақырыбындағы онкүндік іс-шараларды сапалы ұйымдастыру және өткізуді қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдеріне жүктелсін.
5. Әлеуметтік желілерде #TILDER2026 хэштегімен жариялау информатика пәні мұғалімі Д.Ж.Сейтжанға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры А.Б. Сексенов

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры
_____ А.Б.Сексенов
«___» _____ 2026 жыл

«ТІЛ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ: ТІЛДІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ»

Қазақстан халқы тілдері мерекесіне арналған қазақ тілі мен әдебиет апталық іс-шаралар жоспары

Мақсаты:

Білімалушылардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру, тіл мәдениетін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және цифрлық технологиялар дәуіріндегі тілдің жаңа мүмкіндіктеріне назар аудару.

Міндеттері:

* мемлекеттік тілдің қоғамдағы мәртебесі мен маңызын насихаттау;
* оқушылардың тілдік сауаттылығын, сөздік қорын және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
* қазақ халқының рухани-мәдени мұрасын дәріптеу;
* үш тілді меңгеруге деген қызығушылықты арттыру;
* жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың тіл саласындағы мүмкіндіктерін таныту;
* оқушылардың интеллектуалдық және коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

Апталық соңында білім алушылар:

* тілдің ұлттық құндылық ретіндегі маңызын терең түсінеді;
* мемлекеттік тілге деген құрметі мен қызығушылығы артады;
* шығармашылық, зияткерлік және коммуникативтік қабілеттерін дамытады;
* ұлттық мұраға жаңаша көзқарас қалыптастырады;
* цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тілдік білім беру бағытында тиімді пайдалануға қызығушылық танытады.

№	Күні	Іс-шара атауы	Өткізу түрі	Өтетін орны	Уақыты
1	07.09.2026	Апталықтың ашылу салтанаты	Салтанатты жиын	Мектеп алаңы	10:40
		Танымдық Quiz ұстаздарға	Интеллектуалды ойын	Акт залы	15.20
2	08.09.2026	"Мақал-дәйек" интеллектуалды сайыс	Зияткерлік сайыс	Акт залы	15.30
		Kazakh day			
3	09.09.2026	"Тіл және технология:тілдің жаңа тынысы" тақырыбында пікірталас	Дөңгелек үстел	Кітапхана	10.00
		Ұлттық ойындар	Сайыс	Мектеп алаңы	10.40
4	10.09.2026	"AQYL BATYL" интеллектуалды сайыс	Зияткерлік сайыс	Акт залы	15.20
		Үш тілде мақал-мәтел	Челлендж	Әлеуметтік желіде және мектеп кеңістігінде	күні бойы
5	11.09.2026	"А.Байтұрсынұлының мұрасы цифрлық дәуірде" тақырыбында кітап көрмесі	Көрме	Кітапхана	10.00
		"Тіл және технология: жасанды интелект дәуіріндегі жаңа мүмкіндіктер"	Эссе байқауы	Кітапхана	11.00
6	15.09.2026	"Тіл- татулық кепілі" атты сынып аралық сайыс	Сайыс	Мектеп алаңы	14.00
		Апталықтың жабылу салтанаты	Салтанатты жиын	Мектеп алаңы	

Апталық ұйымдастырушылары:
Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі
Өткізілу мерзімі: 07.09 – 15.09.2026 жыл

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры
_____ А.Б. Сексенов

DOSTYK SCHOOL

«БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА»

7 ұлт арасындағы мәдени-танымдық сайыстың СЦЕНАРИЙІ

Іс-шара түрі	Мәдени-танымдық сайыс
Қатысушылар	7 команда
Өтетін орны	Мектеп ауласы
Жауаптылар	Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі

Мақсаты: оқушыларға Қазақстан халқының этномәдени әралуандығын таныту, әр халықтың мәдениеті мен дәстүріне құрмет қалыптастыру, достық пен өзара сыйластық құндылықтарын дәріптеу.

Міндеттері: оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту; ұлттық салт-дәстүр, өнер және тағам ерекшеліктерін таныстыру; командалық жұмыс пен сахна мәдениетін қалыптастыру.

Сахнада ұлттық әуен ойнайды. Жүргізуші ортаға шығады.

ЖҮРГІЗУШІНІҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Армысыздар, құрметті ұстаздар, қадірлі қонақтар және Dostyk School мектебінің білімді де өнерлі оқушылары!

Бүгін мектебімізде ерекше күн! Біз бүгін тек сайыс өткізу үшін емес, жеті түрлі халықтың мәдениетін, дәстүрін, өнері мен ұлттық ерекшелігін бір сахнада тоғыстыру үшін бас қосып отырмыз.

Әр ұлттың — өз тарихы бар. Әр халықтың — өз дәстүрі бар. Әр мәдениеттің — қайталанбас бояуы бар.

Ал бізді біріктіретін ортақ құндылық — достық пен сыйластық!

Мектебіміздің атауы да бүгінгі мерекеміздің мәнін айқындап тұрғандай — Dostyk School!

Ендеше, бірлігі жарасқан жеті ұлттың басын қосатын «Бір шаңырақ астында» атты 7 ұлт арасындағы сайысымызды ашық деп жариялаймыз! Қошеметпен қарсы алайық!

7 ҰЛТТЫ ТАНЫСТЫРУ

Бүгінгі сайысымызда жеті команда — жеті халықтың мәдениетін таныстырып, өзара бақ сынайды.

Бірақ бүгінгі жеңіс тек бірінші орынмен өлшенбейді. Нағыз жеңіс — өз мәдениетіңді мақтанышпен таныстырып, өзгенің мәдениетіне құрметпен қарай білуде.

Ендеше, бүгінгі сайысқа қатысушы жеті ұлт өкілдерін қошеметпен ортаға шақырайық!

→ *7 команда кезекпен сахнаға шығады.*

САЙЫС ШАРТТАРЫ

Құрметті көрермендер! Бүгін әр команда өзіне берілген ұлттың мәдениеті мен ерекшелігін бірнеше бағыт бойынша таныстырады:

1. «Ұлтымызды таныстыр!» — командалар өз ұлтының тарихы мен ерекшелігін таныстырады.
2. «Дәстүр — халық қазынасы» — ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар көрсетіледі.
3. «Өнерім — өрісім» — ұлттық ән, би немесе шығармашылық өнер ұсынылады.
4. «Ұлттық тағам» — әр команда өз халқына тән ұлттық тағамын таныстырады.

Әр кезеңде командалардың шығармашылығы, ізденісі, сахна мәдениеті және ұлттық ерекшелікті жеткізе білуі бағаланады.

САЙЫСТЫ БАСТАУ

Ал, құрметті достар, сөзден іске көшетін сәт те келді!

Жеті ұлт. Жеті мәдениет. Жеті түрлі дәстүр. Бірақ бір сахна, бір мектеп және бір достық!

Алғашқы командаға кезек берейік!

→ *1-команда өнер көрсетеді.*

Керемет! Бір халықтың мәдениетімен жақынырақ таныстық. Ал алдымызда бізді тағы бір ерекше әлем күтіп тұр. Келесі командаға сәттілік тілеп, қошеметпен қарсы алайық!

КОМАНДАЛАР АРАСЫНДА АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР

«Әр халықтың дәстүрі — ғасырлардан жеткен аманат. Келесі ұлттың ерекшелігіне назар аударайық!»

«Мәдениеттің шекарасы болмайды, ал өнер адамдарды жақындастырады. Келесі командаға кезек берейік!»

«Ұлттың байлығы — тек тарихында емес, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізе білгенінде. Келесі қатысушыларымызды қарсы алайық!»

«Dostyk School сахнасында мәдениеттер тоғысы жалғасады. Келесі командаға зор қошемет!»

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Барлық командалар сахнаға шақырылады.

Құрметті ұстаздар, оқушылар және бүгінгі сайысқа қатысушылар!

Міне, жеті ұлттың мәдениеті мен дәстүрін бір сахнада тоғыстырған мерекелік сайысымыз да өз мәресіне жетті.

Бүгін біз бір нәрсеге тағы бір мәрте көз жеткіздік:

Ұлттың ұлылығы — оның мәдениетінде.
Халықтың күші — оның бірлігінде.
Ал достықтың күші — бір-бірімізге деген құрметте.

Бүгін арамызда жеңімпаз анықталады. Бірақ осы сахнаға шығып, өзіне берілген ұлттың мәдениетін құрметпен таныстырған әрбір команда — құрметке лайық!

Ендеше, сайыс қорытындысын жариялау үшін сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз!

→ *Әділқазылар нәтижені жариялайды. Марапаттау рәсімі өтеді.*

ФИНАЛ

Құрметті Dostyk School отбасы!

Жеті ұлт — жеті бояу.
Жеті мәдениет — жеті қазына.
Ал барлығын біріктіретін бір құндылық бар.
Ол — ДОСТЫҚ!

Тіліміз әртүрлі болса да — тілегіміз бір.
Дәстүріміз әртүрлі болса да — мақсатымыз бір.
Ұлтымыз әртүрлі болса да — болашағымыз ортақ!

Dostyk School қабырғасындағы достығымыз нығайып, бірлігіміз әрдайым биік болсын!
«Бір шаңырақ астында» атты мерекелік сайысымыз аяқталды. Баршаңызға рақмет!

ЖШС «Dostyk school Shymkent» мектебі

«Тіл және технология: тілдің жаңа тынысы» қазақ тілі мен әдебиеті апталығының өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

2026–2027 оқу жылында Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай білім алушылардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру, тіл мәдениетін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін жетілдіру мақсатында «Dostyk School Shymkent» мектебінде 2026 жылғы 7–15 қыркүйек аралығында «Тіл және технология: тілдің жаңа тынысы» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті апталығы өткізілді.

Апталық қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен бекітілген жоспарға сәйкес өткізілді. Апталық барысында білім алушылардың тілдік сауаттылығын, сөздік қорын, шығармашылық белсенділігін дамытуға, ұлттық әдеби мұраны насихаттауға және заманауи цифрлық технологиялардың тіл саласындағы мүмкіндіктеріне назар аударуға бағытталған түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

7 қыркүйек күні мектеп алаңында апталықтың ашылу салтанаты өткізіліп, білім алушыларға апталықтың мақсаты, мазмұны және алдағы іс-шаралар таныстырылды. Сол күні ұстаздарға арналған танымдық Quiz ұйымдастырылып, қатысушылар тіл, әдебиет және жалпы танымдық бағыттағы сұрақтар бойынша өз білімдерін сынады.

8 қыркүйекте «Мақал-дәйек» интеллектуалды сайысы өтті. Сайыс барысында оқушылар қазақ халқының мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінің мағынасын ашып, оларды орынды қолдану бойынша білімдері мен тапқырлықтарын көрсетті.

9 қыркүйек – Kazakh day аясында мектеп кітапханасында «Тіл және технология: тілдің жаңа тынысы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Пікірталас барысында тілдің қазіргі қоғамдағы орны, цифрлық технологиялардың тілдің дамуына ықпалы және заманауи ақпараттық кеңістіктегі қазақ тілінің мүмкіндіктері талқыланды. Сонымен қатар мектеп алаңында ұлттық ойындар сайысы өткізіліп, білім алушылар ұлттық мұра мен дәстүрлерді дәріптеуге белсенді қатысты.

10 қыркүйекте «AQYL BATYL» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылып, оқушылардың логикалық ойлау қабілеті, білімділігі мен жылдам шешім қабылдау дағдылары сыналды. Сондай-ақ «Үш тілде мақал-мәтел» челленджі өткізіліп, білім алушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерді айтып, олардың мағыналық үндестігін көрсетті.

11 қыркүйекте мектеп кітапханасында «А. Байтұрсынұлының мұрасы цифрлық дәуірде» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме арқылы оқушыларға ұлт ұстазының тіл білімі мен әдебиет саласына қосқан үлесі таныстырылып, оның мұрасының бүгінгі күндегі маңызы насихатталды. Осы күні «Тіл және технология: жасанды интеллект дәуіріндегі жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында эссе байқауы өткізіліп, білім алушылар тіл мен технологияның байланысы туралы өз көзқарастарын шығармашылық тұрғыда жеткізді.

15 қыркүйекте мектеп алаңында «Тіл – татулық кепілі» атты сыныпаралық сайыс ұйымдастырылды. Сайыс білім алушылардың тілге деген құрметін арттыруға, достық пен өзара сыйластықты нығайтуға бағытталды.

Апталықтың қорытындысында мектеп ауласында жабылу салтанаты ұйымдастырылды. Қорытынды іс-шара аясында «Бір шаңырақ астында» атты 7 ұлт арасындағы мәдени-танымдық сайыс өткізіліп, командалар әр халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін, өнері мен ұлттық ерекшеліктерін таныстырды. Сайыс соңында белсенділік танытып, үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар марапатталды.

«Тіл және технология: тілдің жаңа тынысы» апталығы жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, белгіленген іс-шаралар өткізілді. Апталық барысында дәстүрлі тілдік-танымдық жұмыстар заманауи технология тақырыптарымен ұштастырылып, білім

алушылардың мемлекеттік тілге, ұлттық әдебиет пен мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берілді.

Өткізілген интеллектуалды сайыстар, пікірталас, челлендж, кітап көрмесі, эссе байқауы, ұлттық ойындар және мәдени-танымдық шаралар оқушылардың шығармашылық, зияткерлік және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Апталық өз мақсатына жетіп, мектеп қауымдастығында тілге құрмет, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, достық пен татулықты нығайтуға бағытталған мазмұнды жұмыстармен қорытындыланды.

Анықтаманы дайындаған:
Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі _____ А.Нұрсейіт

Фотоматериалдар:











ЖШС «Dostyk school Shymkent» мектебі

«Тіл және технология» тақырыбындағы тілдер апталығының жабылу салтанаты туралы

АНЫҚТАМА

Өткізілген күні: 15.09.2026 жыл
Өткізілген орны: мектеп ауласы
Қатысушылар: 10–11 сынып оқушылары, педагогтер
Жауаптылар: Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі

2026 жылғы 7–15 қыркүйек аралығында Dostyk School мектебінде оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін дәріптеу, тіл мен заманауи технологияның өзара байланысын насихаттау, оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында «Тіл және технология» тақырыбында тілдер апталығы ұйымдастырылды.

15 қыркүйек күні мектеп ауласында апталықтың қорытынды жабылу салтанаты өткізілді. Іс-шара барысында апта бойы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық ізденістеріне назар аударылды. Жабылу салтанатының негізгі мазмұндық бөліктерінің бірі – «Бір шаңырақ астында» атты жеті ұлт арасындағы мәдени-танымдық сайыс болды.

Сайыстың мақсаты – оқушыларға Қазақстан халқының этномәдени әралуандығын таныту, әр халықтың тіліне, мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет сезімін қалыптастыру, достық, бірлік және өзара сыйластық құндылықтарын дәріптеу болды. Сайысқа қатысушылар жеті командаға бөлініп, әр команда өздеріне берілген ұлттың мәдени ерекшеліктерін таныстырды.

Мәдени-танымдық сайыс «Ұлтымызды таныстыр!», «Дәстүр – халық қазынасы», «Өнерім – өрісім», «Ұлттық тағам» кезеңдері бойынша өткізілді. Бірінші кезеңде командалар өздеріне берілген халықтың тарихы мен ұлттық ерекшеліктері туралы мәлімет берсе, келесі кезеңде салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сахналық көріністер арқылы таныстырды. «Өнерім – өрісім» бөлімінде ұлттық ән, би және шығармашылық өнер түрлері ұсынылып, «Ұлттық тағам» кезеңінде әр халықтың ұлттық тағамдары таныстырылды.

Іс-шара барысында оқушылардың ізденімпаздығы, шығармашылығы, сахна мәдениеті, командалық жұмыс дағдылары мен ұлттық ерекшеліктерді жеткізе білуі бағаланды. Әр команданың дайындығы арқылы түрлі халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерінің өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп, «Тіліміз әртүрлі болса да – тілегіміз бір, дәстүріміз әртүрлі болса да – мақсатымыз бір» деген ортақ идея дәріптелді.

Сайыс соңында әділқазылар алқасы командалардың өнерін қорытындылап, нәтижелерін жариялады. Белсенділік танытып, шығармашылық қабілеттерін көрсеткен қатысушылар марапатталды. Сонымен қатар тілдер апталығы аясында ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысқан оқушылардың еңбегі атап өтіліп, апталық жұмысына қорытынды жасалды.

Іс-шараға сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/DdYd6lqOQ2r/?stkn=MWw4b2Vjd2NweWtoeg==

Анықтаманы дайындаған:
Педагог-ұйымдастырушы _____ М.Ж. Кенжебай

Фотоматериалдар:









